

Кредиторлық берешекті өтеуді қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 9 желтоқсандағы N 556

Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуын мерекелеу әзірлігіне байланысты нақты орындалған құрылыс-монтаж және жүргізілген жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары үшін 68,9 млн. (алпыс сегіз миллион тоғыз жүз мың) сомасында жинақталып қалған кредиторлық берешекті өтеуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Жамбыл облысы әкімінің "Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу жөніндегі республикалық штаб туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 15 сәуірдегі N 440 P960440_ қаулысының 5-тармағын орындамағаны атап өтілсін.

Жамбыл облысының әкімі 1996 жылдың 10 желтоқсанына дейін Халықаралық Жамбыл Қорының шотына 1 (бір) миллион теңге аударуға міндеттелсін.

2. Алматы облысының субвенция құрамында Жамбыл Жабаевтың туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізуге байланысты орындалған жұмыс үшін берешекті өтеуге арналған 43,1 млн. (қырық үш миллион бір жүз мың) теңге қаражат бары ескерілсін.

3. Қалған кредиторлық берешекті:

Ауыл шаруашылығын қолдау қоры 1996 жылға қалған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 5,9 (бес миллион тоғыз жүз мың) млн. теңге сомасындағы;

орталықтандырылған шаралар жөніндегі қаражат 1996 жылға қалған Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің 9,0 (тоғыз) млн. теңге сомасындағы;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің қаражаты, 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген 9,9 (тоғыз миллион тоғыз жүз мың) млн. теңге сомасындағы өтеу көздері деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Мәдениет министрлігі мен Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық Жамбыл Қорының шотына 3-тармақта көрсетілген сомаларды 1996 жылдың 10 желтоқсанына дейін аударатын болсын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК